

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 204 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 24 қыркүйекте Құлжа қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын құру туралы негіздемелік келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі,

Тараптар мемлекеттерінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтей отырып, бәсекеге қабілеттікті арттыруға ықпал ететін кәсіпкерлік және инвестициялық ортаны құру қажеттігіне сенімді бола отырып, екі жақты сауданы жандандыру мақсатында өзара тиімділік қағидатын басшылыққа ала отырып,

шекара маңы саудасы мен Тараптар мемлекеттерінің шектес шекара маңы аумақтарындағы экономиканы дамытуға, рынокты халықтың түрлі жіктерінің сұранысын қанағаттандыратын тауарлармен толтыруды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар "Қорғас" (ҚР)- "Хоргос" (ҚХР) шекара маңы өткізу пункттерінде Тараптар мемлекеттері бөлген шектес аумақтарда "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығының халықаралық орталығын (бұдан әрі - "Қорғас" орталығы) құруға келісті.

2. "Қорғас" орталығының қазақстандық бөлігі Қазақстан Республикасының заңнамасы әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңды құқығында, ал "Қорғас"

орталығының қытайлық бөлігі Қытай Халық Республикасының заңнамасы әрекет ететін Қытай Халық Республикасының заңды құқығында болады.

"Қорғас" орталығындағы шаруашылық қызметтің кез келген түрі олар аумағында жүзеге асырылатын мемлекеттің ұлттық заңнамасында көзделген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

3. Шекара маңы аудандарының экономикасы мен саудасын дамытуға жәрдемдесуге бағытталған "Қорғас" орталығындағы кеден және салық салу жөніндегі және басқа да салалардағы қолайлы шаралар, сондай-ақ адамдардың өтуі үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі тәртіп Хаттама жасасу жолымен Тараптардың мүдделі ведомстволары арасында келісілетін және қосымша айқындалатын болады.

4. Осы Негіздемелік келісімге сәйкес Тараптар "Қорғас" орталығының қазақстандық және қытайлық бөлігінің алаңын, аумағының шекараларын, орналасу схемасын айқындайтын жеке шарт жасасады.

2-бап

"Қорғас" орталығының қазақстандық және қытайлық бөлігін салу мен игеруді Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес айқындалатын мүдделі ұйымдар жүзеге асыратын болады.

3-бап

"Қорғас" орталығы аумағының шегінде Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік шекарасы арқылы адамдардың, тауарлар мен көлік құралдарының өтуін бақылауды қамтамасыз ету үшін Тараптардың шекаралық, кедендік, көліктік, инспекциялық-карантиндік, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау жөніндегі тиісті органдары және басқа да органдар әрбір Тарап мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес "Қорғас" орталығының өз бөлігіндегі бақылауды жүзеге асырады, құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ететін болады.

4-бап

"Қорғас" орталығының аумағында үшінші елдің (немесе ауданның) кәсіпорындары инвестициялық және шаруашылық қызметін жүзеге асыра алады.

"Қорғас" орталығының аумағында жасалған құқық бұзушылықтар (кедендік, салықтық, инспекциялық-карантиндік, санитарлық-эпидемиологиялық, әкімшілік, қылмыстық және тағы басқа) олар жасалған аумақтағы мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаралатын болады.

Тараптар экономикалық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды, қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасайтын болады, қылмыстар және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша талқылауларды жүзеге асыру кезінде бір-біріне жәрдем көрсететін болады.

5-бап

Осы Негіздемелік келісімге сәйкес Тараптар "Қорғас" орталығын құру және оның жұмыс істеуі жөнінде басқа да режимдерді және нақты ережелерді келіседі және оларды екі Тарап үшін қолайлы заңды нысанда бекітеді.

6-бап

Осы Негіздемелік келісім олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Негіздемелік келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

8-бап

Қажет болған жағдайда осы Негіздемелік келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша екі Тарап үшін де қолайлы және осы Негіздемелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын заңды нысандарда ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9-бап

Осы Негіздемелік келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Негіздемелік келісім белгіленбеген мерзімге жасалып отыр және Тараптардың бірі осы Негіздемелік келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін қолданылатын болады.

2004 жылғы 24 қыркүйекте Құлжа қаласында екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Негіздемелік келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Қытай Халық Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*